

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.С. АЛИКУЛОВА,

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті,
аға оқытушы, т.ғ.к.
Ақтөбе қ., Қазақстан*

Отан тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі – Ұлы Отан соғысы тақырыбы. Ұлы Отан соғысының жеңісінен кейін-ақ, Кеңес тарихнамасында осы соғыстың себебі, зардабы туралы ғылыми еңбектер мен құжаттық жинақтар жеткілікті жазылды. Қазақстан тарихнамасында қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы, тылдағы еңбекте Кеңес адамдарының даңқты істері сол кездің өзінде мерзімді баспа-сөз беттерінде, оның ішінде одақ көлеміндегі ірі басылымдардың бірі «Правда» газеттерінде жариялана бастаған болатын.

Қазақстан КП ОК үгіт-насихат бөлімінің қызметкерлері, ғалымдар мен жазушылар бірігіп жазған, 1943 жылы басылып шыққан екі жинақта Қазақ КСР-нің соғысқа қатысуы, республика экономикасының соғыс жағдайына бейімделуі, сондай-ақ майдандағы қазақстандықтардың ерліктері көрініс тапты [1].

Соғыс кезіндегі республика тарихын зер сала зерттеп, алғаш көлемді монографияларды жазған ғалымдардың бірі – Ғ.Әбішев. Оның Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстан туралы еңбегі [2] тыл мен майдан оқиғаларын бірдей қамтып, Ұлы Отан соғысы тарихнамасынан лайықты орын алды.

Қазақстандықтардың ерлік істері және тыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбектері жөнінде «Қазақ ССР тарихының» бірнеше рет жарық көрген басылымдарында [3] қарастырылды.

Қазақстанның соғыс жылдарындағы тарихын жүйелі зерттеген ғалымдардың бірі – академик М.Қ. Қозыбаев. Ғалым бұл тақырыпқа он-

даған ғылыми зерттеулерін арнады [4]. Қазақстан халқының майдан мен тылдағы жеңіске қосқан үлестеріне лайықты бағасын берді.

Бұрынғы Кеңес Одағы бойынша 1945–1977 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысының тарихына арналған 16 мыңдай кітап пен кітапшалар шыққан, бұлардың жалпы тиражы 700 млн. данадан асты. Жеңістің 50 жылдығына орай Ұлы Отан соғысына қатысты КСРО-да 30 мыңнан астам кітаптар, ғылыми еңбектер, мақалалар жарық көрсе [5], тарихшы Т.Балақаев пен К.Алдажұмановтардың мәліметтері бойынша Қазақстанда Ұлы Отан соғысына республиканың қатысуы туралы 1941 жылдан бастап 1979 жылға дейінгі аралықта 25 монография, 11 мақалалар жинағы, құжаттар мен естеліктер, 200-ге жуық ғылыми мақалалар, 20-дан астам мемуарлық кітаптар мен брошюралар жарияланған. Соғыс жылдарындағы Қазақстан тарихы тақырыбы бойынша бірнеше докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды [6].

Тарихшы ғалымдар Т.Балақаев және Қ.Алдажұмановтардың [7] еңбектерінде жалпы Қазақстан еңбекшілерінің Жеңіске қосқан үлестері қарастырылса, Батыс Қазақстан өңірінің (Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Гурьев облыстары) Ұлы Отан соғысындағы рөлі Қ.Досқалиев пен Қ.Ахметовтың [8] еңбектерінде қарастырылады. Бұл еңбектерде Сталинград майданының жақын тылы болған Батыс Қазақстан өңірінің жеңіске қосқан үлесі, соғыс экономикасындағы маңызы баяндалды.

XX ғасырдың 50–90-жылдарында Ұлы Отан соғысы тақырыбы бойынша қазақстандық ғалымдар бірнеше докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғады. Ол зерттеулер екі бағытта жазылды: 1) қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы мен ерліктері; 2) тылдағы қазақстандықтардың жеңіске қосқан үлесі.

Бірінші бағыт бойынша қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы, ұлттық құрамалардың жасақталуы, олардың майдандағы ерлік істері туралы К.Аманжолов пен П.Белан [9] докторлық диссертациялар қорғаса, К.Е. Стамбеков [10] қазақстандықтардың Украина жерін неміс басқыншыларынан азат етудегі шайқастарына қатысуы туралы, И.И. Маляр [11] қазақстандықтардың Еуропа елдеріндегі фа-

шистерге қарсы ұлт-азаттық күрестерге қатысуы төңірегінде, ал А.Мухамеджанов [12] Москва түбіндегі шайқасқа қазақстандық әскери құрамалар мен бөлімдердің қатысуы, олардың ерліктері туралы кандидаттық диссертациялар қорғады.

Екінші бағыт бойынша Ғ.Әбішев, Т.Балақаев [13] қазақстандықтардың еңбектегі ерліктері туралы докторлық диссертациялар қорғаса, жергілікті кеңестердің жұмысшы депутаттарының соғыс жылдарындағы еңбектері У.Абдуллаевтың [14], Батыс Қазақстандағы колхозшылардың еңбектегі ерліктері М.А. Ақынжановтың [15], МТС-лар мен ауылдық механизаторлардың еңбектегі ерліктері К.С. Алдажұмановтың [16], соғыс жылдарындағы жұмысшылар мен колхозшылардың еңбектегі ерліктері Л.Т. Балақаеваның [17], колхоздардағы стахановшылар қозғалысы М.Р. Куленевтің [18], комсомолдардың еңбектегі ерліктері К.Майгаранованың [19] кандидаттық диссертацияларының өзекті мәселелері болды.

Өнеркәсіп салаларының соғыс жылдарындағы қызметі, жеңіске қосқан үлестері бойынша, оның ішінде тамақ өнеркәсібінің жағдайы М.Бутиннің [20], жеңіл өнеркәсіп еңбекшілерінің тылдағы еңбектері В.С. Городецкаяның [21], түсті металлургия еңбекшілерінің соғыс жылдарындағы еңбектегі ерліктері И.Е. Тайбековтың [22], өнеркәсіптегі әйелдердің еңбектегі ерліктері Г.Д. Нурбекованың [23], соғыс жылдарындағы Қазақстанның темір жол транспортының қызметі Р.М. Мирзагалиеваның [25] диссертацияларында кең қарастырылды.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның жекелеген аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдарды, мәселен, П.С. Белан Солтүстік Қазақстан өңірін, М.А. Ақынжанов Батыс Қазақстан өңірін, Е.Ш. Ибраев Оңтүстік Қазақстан аймағын [25] т.б. зерттеді.

Батыс Қазақстан аймағына қатысты мәселелер П.Р. Букаткин, Ж.И. Ишмұратов, Г.Б. Қаленова, А.К. Қанымқұлов [26] т.б. ғалымдардың зерттеулерінің өзекті тақырыбына айналды.

Алайда жоғарыда аталған зерттеулер тұжырымы сол кезеңдегі ресми билік, Кеңестік идеология ұстанымы аясында жасалды. Қатаң идео-

логиялық бақылау жағдайында зерттеушілер соғыс тарихының көлеңкелі жақтарын, сталиндік жүйенің соғыс жағдайын пайдаланып жасаған зұлымдықтарын ашып көрсете алмады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Отан тарихы жаңа тұрғыдан зерттеліп, бұрмаланып келген және ақиқаты ашылмаған мәселелер қайта қаралып, оған тиісті шынайы бағасы беріле бастады. Оның ішінде Ұлы Отан соғысы тақырыбын қайта зерделеу өмір талаптарының біріне айнала бастады.

Ұлы Жеңіс Кеңес халқына оңайлықпен келген жоқ. Бұл Жеңістің таңын атқызу жолында еліміздің миллиондаған азаматтары опат болды. Ой жүгіртіп көрсек, оның бүгінгі қуанышынан кешегі қайғысы мен азасы анағұрлым салмақты.

Қазақ ұлты мен қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы мен жеке ерліктеріне ортақ көзқарас білдіретін толық тарихи баға әлі берілді деуге келмейді. Осыған байланысты соңғы жылдары соғыстың «ақтаңдақ» беттері ашылып, ашық пікірлер айтылуда. Мұндай сәттерде салиқалы пікірлермен қатар жаңсақ ойлар да, белгілі бір мақсатты көздеген, ақиқатқа сыймайтын әрекеттер де байқалуда. Мәселен, соғыс жылдарындағы орасан зор адам және материалдық шығын болғанын айта келіп, оны «Жеңіс күні» деп атамай, қайтыс болғандар үшін «азалы күн» деп атауды қолдайтындар да кездесіп жүр. Кейбіреулер соғыстың отандық сипатын ашық жоққа шығарса, енді біреулері оған тар ұлттық, яғни орыстық, әрі кеткенде ресейлік сипат бергісі келеді [27].

Бірақ тарихтың аты тарих, оны ешкім өзгерте алмайды. Сондықтан Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде: «Екінші дүниежүзілік соғыс – адамзат тарихының ең қайғылы беттерінің бірі екенін, бұрынғы КСРО халықтары үшін ол Ұлы Отан соғысы болғанын, Қазақстан халықтардың біртұтас жанұясы ретінде Ұлы Отан соғысына қатысқанын, сондықтан бұл соғыс біздің көпұлтты республиканың жалпы тарихының естелігі ретінде сақталатынын», – басып айтты [28].

Батыстың көптеген елдеріне осы уақытқа дейін Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес халқының адам төзгісіз ауыр қиындықтарға қалай төзгені жұмбақ болып келеді. «XX ғасырдағы КСРО» (Мәскеу қ., 1990 ж.) тақырыбындағы халықаралық ғылыми конференциясында ағылшын профессоры Дж. Барбер: «...шетел зерттеушілерінің алдында «Кеңес халқы өте ауыр материалдық-тұрмыстық жағдайда қалай өмір сүріп, қалай жеңіске жеткен..?», – деген сұрақ туындайды. Бірақ әлі күнге дейін Кеңес халқының және Қызыл Армияның ауыр тұрмыс жағдайы туралы жазылмады» [29], – деген болса, отандық тарихшы М.Қозыбаев «...соғыстың арғы-бергі зардаптарында халықтың көңілінен таса, әлі де айтылмай, зерттелмей келе жатқан жайлар баршылық» [30], – деген ойы Ұлы Отан соғысы тақырыбын кеңінен, бүгінгі тәуелсіздік тұрғысынан жан-жақты зерттеуді қажет ететіндігі сөзсіз.

Ұлы Отан соғысының тарихын ширек ғасыр бойы зерттеген тарихшы, профессор Т.Балақаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында: «Соғыс тарихын тоталитарлық кеңестік жүйе коммунистік идеологияның аясына, талаптарына бағындырып, тарихтың тек жарқын беттерін көрсетуді мұрат тұтты, коммунистік партия ел басқаратын бірден-бір партия болғандықтан, оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болды, оның қызметі тек біркелкі жағымды жағынан көрсетілді. Осының салдарынан халық тарихының көлеңкелі жақтары көбінесе тыс қалып келді, енді келешек зерттеулерде осы мәселеге айрықша мән берілуі тиіс, – дей келе, Ұлы Отан соғысының зерттелмеген жақтары жеткілікті. Уақыт өткен сайын заман талабы жаңа міндеттерді алға қойып отыратындығы белгілі нәрсе» [31], – деп Ұлы Отан соғысы тақырыбын қайта зерттеу қазіргі заман талабының жаңа міндеті екенін айқындады.

Соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, түрлі жұқпалы ауруларға, аштыққа ұшырау себептері, халықтың өзіндік наразылықтарының болуы, мобилизациядан жалтару, қашу, тіпті Орта Азия республикаларына жаппай көшуге әрекет жасауы, т.б. мәсе-

лелер бүгінгі күнге дейін айтылмады десе де болады. Сондықтан Жеңістің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында соғыс жылдарындағы жеке-леген өңірлердің саяси, әлеуметтік-экономикалық, т.б. салалар бойынша шешуін таппаған мәселелерді қайта зерттеу бүгінгі күннің кезегін күтіп тұрған маңызы зор, өзекті мәселесі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Казахстан в первый год Отечественной войны против немецко-фашистских захватчиков. Алма-Ата, 1943. 325 с. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Алма-Ата: Наука, 1943. 485 с.
2. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне. 1941–1945. Алма-Ата, 1958.
3. История Казахской ССР. Т. II. Алма-Ата: Наука, 1959. 736 с.; Қазақ ССР тарихы. Т. 2. Алматы: Ғылым, 1963.
4. Козыбаев М. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата: Казахстан, 1964. 363 с.; Казахстан – арсенал фронта. Алма-Ата: Казахстан, 1970; Ұлы ерлік. Алматы: Казахстан, 1980. 156 с.; Майдангер студенттер. Алматы, 1985. 105 с.
5. Козыбаев М. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски: Алматы: Казахстан, 2000. Т. 2. С. 218.
6. Балакаев Т.Б., Алдажуманов К.С. Историография Казахстана периода Великой Отечественной войны. В кн. актуальные проблемы истории Советского Казахстана. Алма-Ата, «Наука», 1980. 115 с.
7. Балакаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.). Алматы: Ғылым, 1985. 320 б.
8. Досқалиев Қ. Қаһарман қала және Қазақстан. Алматы: Қазақстан, 1973; Ахметов Қ., Досқалиев Қ. Қазақстан – Сталинград майданының арсеналы. Алматы, 1992.
9. Белан П.С. Северный Казахстан в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 1962. 308 с.; Акинжанов М.А. Трудовой подвиг колхозного крестьянства Западного Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 1972. 213 с.; Ибраев Е.Ш. Трудовые подвиги трудящихся Южного Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). На материалах Южно-Казахстанской, Джамбулской и Кызыл-Ординской областей. Алма-Ата, 1982. 178 с.
10. Стамбеков К.Е. Казахстанцы в боях за освобождение Украины в годы Великой Отечественной войны (1943–1944 гг.). Алма-Ата, 1966. 316 с. к.и.н.
11. Маляр И.И. Участие казахстанцев в антифашистской народно-освободительной борьбе в странах Европы (1942–1945 гг.). Алма-Ата, 1967. 240 с. к.и.н.

12. Мухамеджанов А. Участие казахстанских воинских соединений и частей в битве под Москвой (сентябрь 1941 – март 1942 гг.). Алма-Ата, 1968. 228 с. к.и.н.
13. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 1959. 631 с.; Балакаев Т.Б. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны 1941–1945 гг. Алма-Ата, 1972. 541 с.
14. Абдуллаев У. Местные Советы депутатов трудящихся Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 1973. 174 с. к.и.н.
15. Акинжанов М.А. Трудовой подвиг колхозного крестьянства Западного Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 1972. 213 с. к.и.н.
16. Алдажұманов К.С. Роль МТС и трудовой подвиг сельских механизаторов Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 1986. 168 с. к.и.н.
17. Балақаева Л.Т. Укрепление союза рабочего класса и колхозного крестьянства Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 1989. 217 с. к.и.н.
18. Куленев М.Р. Стахановское движение в социалистическом земледелии колхозов Казахстана в годы Великой Отечественной войны и послевоенные годы пятилетки. Алма-Ата, 1951. 193 с. к.и.н.
19. Майгаранова К. Трудовые подвиги комсомольцев и молодежи железных дорог Казахстана в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг. Алма-Ата, 1976. 178 с. к.и.н.
20. Бутин М.Е. Пищевая промышленность Казахской ССР в период Отечественной войны и послевоенный период. Алма-Ата, 1950. 237 с.
21. Городецкая В.С. Самоотверженный труд работников легкой промышленности Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 19. 275-197 с. к.и.н.
22. Тайбеков И.Е. Трудовой подвиг рабочих цветной металлургия Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 1965. 213 с. к.и.н.
23. Нурбекова Г.Д. Трудовые подвиги женщин в промышленности Казахстана в Великой Отечественной войне. Алма-Ата, 1965. к.и.н.
24. Мирзагалиева Р.М. Железнодорожный транспорт Казахстана в Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 1990. 176 с. к.и.н.
25. Белан П.С. Северной Казахстан в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 1962. 308 с.; Акинжанов М.А. Трудовой подвиг колхозного крестьянства Западного Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Алма-Ата, 1972. 213 с.; Ибраев Е.Ш. Трудовые подвиги трудящихся Южного Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). На материалах Южно-Казахстанской, Джамбулской и Кызыл-Ординской областей. Алма-Ата, 1982. 178 с.

26. Букаткин П.Р. Западной Казахстан в годы Великой Отечественной войны Советского Союза (1941–1945 гг.): автореферат. дис. канд. и.н. Алма-Ата, 1967. 27 с.; Ишмуратов Ж.И. Трудовые подвиги и помощь фронту трудящихся Гурьевской области в период Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.): автореферат. дис. канд. и.н. Алма-Ата, 1971. 29 с.; Канникулов А.К. Трудовые и ратные подвиги трудящихся Актюбинской области в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.): автореферат. дис. канд. и.н. Алма-Ата, 1980. 29 с.
27. Қозыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2 кітап. Алматы; Ғылым, 1998. 199 б.
28. Назарбаев Н.А. Ради жизни на Земле // Казахстанская правда. 2005. 7 май, 1-2 стр.
29. Зинич М.С. Будни военного лихолетья. 1941–1945 гг. Вып. I. М., 1994. С. 4.
30. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1998. 344 б., 271 б.
31. Балақаев Т. Соғыс тарихының жалғасы бар // Егемен Қазақстан. 2005, 27 сәуір. 3 б.